Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 107-109

ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Айтмұхамедова А.С.

1. Адамның іс-әрекетінен табиғатқа әсер ететін зардабы.

Адамның өзіне пайдалы көптеген әрекеттері табиғаттың өзгеруіне әсер етеді. Адам өзінің еңбегі мен ақыл-ойдың арқасында қоршаған ортаға сіңуімен қатар, оны өзгертеді де. Сондықтан табиғатты өзгерту барысында адамзат оның кейінгі зардаптарын да ескеруі қажет. Жауын-шашын мөлшерін, топырақ ылғалдығын ескерместен, топыраққа минералды тыңайтқыштар енгізу, ол заттардың шайылып, өзендер мен бөгендердің ластануын туғызды. Мұның бәрі қаншама еңбек пен шикізатты зая кетірумен бірге, қоршаған ортаның жағдайын нашарлатады. Ғаламдық экологиялық проблемаларға климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, шөлейттену және жердің құлдырауы жатады. Табиғатты қорғау мәселесі бүкіл дүниежүзілік проблемаға айналуда. Экологиялық проблема дегенде ең алдымен Арал, Балқаш, Каспий, Семей қасіреттері еске түседі.

2. Семей ядролық полигоны.

Семейдегі полигонның Қазақстан экологиясы үшін әкелген зардабы орны толмас өкініштерге әкеліп отыр. Алғашқы атомдық жарылыс 1949 жылы тамыздың 29-ы, таңғы сағат 7-де естілді. Осы өңірде жарылған 500-ге жуық бомба, адамдарды ақырзаман шамасына дейін әкеліп, Жер-Ананы осінен тайдырып жібере жаздады. Егер жарылыс тоқтамағанда, әр сынақ табиғатқа үлкен зиян әкеліп, улы тозаңдар әлемді ойрандап, Орта Азияның адамдарын ядролық уға тұншықтырып, халықтың түбіне жететін еді. Осы полигон қазақтардың көбін, дәрігерлердің өзі анықтай алмайтын ауруларға ұшыратты.Осы залалды аймақта тұратын 1,5 миллионға жуық адам жазылмайтын дертке шалдығып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын кеселге душар болды.

Қазақстанның белгілі ақыны Олжас Сүлейменовтың басшылығымен Невада-Семей экологиялық қозғалысы, Семей ядролық полигонында сынақтар өткізуге толық тыйым салды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев республикада ядролық сынақтар өткізуге мораторий жариялады. Сынақтардың аяқталуынан бері 10 жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан, Семей полигонының аймағы бүгінге дейін экологиялық кауіпті аудан болып табылады. Өйткені онда ұзақ сақталатын радиоактивті заттар жинақталған. Полигон аймағында күні бүгінге дейін топырақ және өсімдіктер ластанған. Бұл Семей, жалпы Қазақстан экологиясы үшін өте зиян.

3. Каспий теңізінің экологиялық проблемасы.

Каспий теңізі -ғаламшардағы ең тұйық су айдыны. Оның көлемі – 380 мың км2. Оны Европа және Азияны жалғап тұрған көпір десе болады. Мұнда «Қызыл

кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлар көптеп кездеседі. Теңіздің құнды байлықтарының бірі – бекіре тұқымдас балықтар. Каспий теңізі жыл құстарының да сүйікті мекені. Каспий теңізінің шаруашылық үшін атқаратын маңызы өте зор. Бірақ соған қарамастан, біз өз қолымызбен сол жақтағы экологияны құртып жатырмыз. Солтүстігіне құятын Еділ өзенінде бөгендердің салынуы, мұнай кәсібінің өркендеуі, теңіздің экологиялық жағдайын нашарлатты. Соңғы жылдары бұл аймақ мұнай мен газды өндірудің маңызды экономикалық ауданына айналды. Теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты бұл аймақ табиғи апат жағдайына ұшырады.

Мұнай мен газдың өндірілуіне байланысты қоршаған ортаның өзгеруі, балықтардың қырылуы, уылдырық шашатын көксерке балықтарының кеміп кетуі, осы теңізге ғана тән итбалықтың мезгіл-мезгіл қырылуы, бұның бәрі экологияға кері әсерін тигізуде.

4. Арал теңізінің экологиялық проблемасы.

Арал теңізінің басты проблемасы - су тапшылығы. Сол жақта өмір сүретін халықтың да проблемасы- ауыз суы. Теңізбен қоса, Арал төңірегіндегі тұрғындарды да құтқару керек. Өйткені, елді мекендердің тек 15-20 пайызы ғана таза су ішіп отыр, ал қалған тұрғындар лас суды пайдалануда. Соның өзінде, ауылдық жерде, су бір адамға бір шелектен келеді. Мұның өзі түрлі жұқпалы аурулардың өршуіне, Арал халқының денсаулығына кері әсерін тигізуде. Олар, бір жағынан теңізден көтерілген тұзды тозаңның астында жатса, екінші жағынан Байқоңыр ғарыш аймағының қасіретін бастан өткізуде. Соның салдарынан, тұрғындар арасында жүрек, өкпе, қан қысымы, бүйрек, бауыр және басқа қауіпті аурулардың көрсеткіші республикадан да жоғары болып тұр. Мысалы, Арал теңізі жағында орналасқан Қызылорда облысында бір ғана туберкулез ауруымен ауыратын адамардың жалпы саны 19,5 мың. Осыған байланысты, кейінге ысыруға болмайтын нақты шара - осы өңірдің тұрғындарының халін жақсарту, жер асты суларын кеңінен пайдалану арқылы тұщы ауыз су жіберу, су құбырлары құрылысын жүргізу, "Көкарал" бөгеті құрылысын аяқтап, Кіші Аралды сумен толтыру. Егер "Көкарал" бөгеті болмаса, Сырдария суы үлкен теңіз тереңдігіне алып барып, бостан-босқа буланып, ауаға ұшатын еді. Кіші теңіз тола бастағаннан бері, оның табиғи байлықтары да көбейе бастады. Оның болашағы баянды болу үшін, Кіші теңізге Сырдарияның суын көбірек жеткізу мәселесін шешу қажет. Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында батыл да жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жасалуда. "Арал тағдыры - адам тағдыры" болғандықтан, оны сақтап қалу - аға ұрпақтың болашақ алдындағы борышы.

5. Балқаш проблемасы.

Қазақстандағы ең ірі экожүйелердің бірі - Балқаш көлі. Балқаш көлі - Алакөл ойысында орналасқан. Көлемі – 501 мың км^2. Бұл көлдің 1970 жылдарындағы сипаты болса, қазір мүлдем басқаша Су айдынының булануы өте жоғары. Осыған байланысты судың деңгейі тез өзгеріп отырады. Балқаш көлінің экологиялық жағдайының нашарлау себебі Қаратал, Лепсі, Ақсу өзендерінің мол суының Балқаш көліне жетпей суармалы егістерге жұмсалуынан. Балқаш экожүйесінің одан әрі нашарлауына Іле өзені бойына салынған Қапшағай суқоймасы да әсер етеді. 1970 жылы Қапшағай суқоймасындағы Іле өзенінің

суын бөгейтін Қапшағай бөгеті салынды. Оған қосымша Іле өзенін қоректендіріп отырған Шелек өзені Бартоғай бөгетімен бөгеліп, онда көлемі 300 мың $м^3$ су жинақталды. Осылайша Үлкен Алматы каналы (БАК) салынды. Каналдың салынуына байланысты Шелек өзені Ілеге құюын тоқтатты. Іле - Балқаш алабының ауыл шаруашылығында барынша пайдалануымен 1965-1990 жылдар аралығында Балқашқа құятын судың көлемі 25%-ға азайды. Бұл жақтың да экологиясы ақырындап нашарлап келеді.

Қазақстанның көптеген аудандары бүгінгі күнде экологиялық мүшкіл хал кешіп отыр. Қоршаған ортаны қорғау шараларына, республикамыз біршама мөлшерде мемлекеттік және орталықтандырған түрде күрделі қаржы бөліп отыр. Алайда, мұның бәрі, республиканың ұлттық табысының 1%-на да жетпейді. Болашақ экологияны жақсарту үшін менің берер кеңесім мынау: бөгендер, суқоймалар салар кезде, ең бірінші жақсы ойланып алу керек. «Бұл қойманы осы жерге салсам, теңізге зардабы келмей мекен? Экологияға тиер зияны болмай мекен?»,- деген сияқты сұрақтарды өзіне қойса, сосын оны әрі қарай ойластырып, тиімді жолын қарастырса деймін. Менің ойымша, тығырықтан шығар жол әрдайым бар. Тек оны дұрыс, асықпай ойластыру қажет.

Ғылыми жетекшісі: А.Қ.Князова